

Кімге: ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне

Автордың аты-жөні және лауазымы: Ермекқалиев Алтынбек Серікқалиұлы - Батыт Қазақстан облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының бас маманы

Күні: 09.10.2024 ж.

Аналитикалық жазба

Тақырыбы: «Батыс Қазақстан өңіріндегі ономастика мәселесі: күнгейі мен көлеңкесі»

Кілт сөздер: топономика, транскрипция, байырғы атаулар, қаулы, ереже, ономастикалық комиссия, т.б.

Кіріспе

Батыс Қазақстан өңірінде 2022-2023 жылдары ономастика саласына қатысты ауқымды істер атқарылды. Бір ғана мысал, 2023 жылы Бәйтерек ауданы Дариян ауылдық округінің идеологиялық тұрғыдан ескірген **24 көшесі**, Тасқала ауданының Достық ауылдық округінің **8 көшесі** өзгертілді және Шыңғырлау ауданының Шыңғырлау ауылдық округінің **8 көшесі** атауының транскрипциясы нақтыланды. Алайда 2024 жылы өңірімізде орын алған су тасқынына байланысты және басқа да себептермен ономастикалық жұмыстар тоқтап тұр. Жыл аяқталып келеді. Әлі күнге дейін ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі ономастикалық комиссия отырыстарын өткізуге рұқсат бермей отыр. Жұмысты жыл бойы тоқтатып қою жағдайды қиындата түседі. Басқармаға жыл басынан облыс тұрғындары тарапынан 100-ден астам өтініш хат келіп түсті. Өтініш иелерінің көбі мән-мағынасын жоғалтқан көше, ауылдық округ атауын өзгертуді көздейді. Сондай-ақ жаңадан салынған құрамдас бөліктерге де атау беру – уақыт күттірмейтін мәселе.

«Жердің аты – бабаңның хаты» демекші, мән-мағынасын жоғалтқан атаулар ауысып, елді мекен, ауылдық округтер тарихи атауымен қауышып жатырса, ұлттық рухты көтеретін айшықты іс екені көпке мәлім. Алайда, кеңестік кезде қалыптасқан, қазіргі егеменді еліміздің ұстанымына сәйкес келмейтін атауларды өзгерту, тарихи атауларды толық қайтару әлі де өте өзекті мәселе болып отыр.

Батыс Қазақстан облысындағы қайта аталынған ономастикалық бірліктер

1991 – 2024 жж.

-5 аудан

-109 елді мекен

- 1854 көше



Негізгі бөлім

Облыс орталығы Орал қаласында жалпы саны **832** көше болса, **627** көшенің атауы (75%) ұлттық атаулармен аталған. Идеологиялық тұрғыдан ескірген немесе мән-мағынасын жоғалтқан Ақжайық ауданында 3 елді мекен, Бәйтерек ауданында 47 елді мекен, Бөрлі ауданында 8 елді мекен, Теректі ауданында 11 елді мекен, Орал қаласы бойынша 9 елді мекен (*Ветелки, Меловые горки, Кардон, Маштаково, Новостройка, Ливкино, Серебряков, Рыбкомбинат, Белая Казарма ауылдары*) және 3 окург (*Зашаған, Круглоозерный, Желаяев*) бар. Ішінара атап айтқанда, өңірде **Ленин** атында – 3, **Комсомольская** атауымен – 6, **Октябрь** атауымен – 4 (1 елді мекен), **Советская** атауымен – 5, **Пионерская** атауымен – 4, және т.б. идеологиялық тұрғыдан ескірген көше атаулары бар.

Идеологиялық тұрғыдан ескірген немесе мән-мағынасын жоғалтқан ономастикалық бірліктер

АУДАН	ЕЛДІ МЕКЕН	КӨШЕ
Ақжайық ауданы	3	-
Бәйтерек ауданы	39	216
Бөрлі ауданы	8	50
Теректі ауданы	9	58
Орал қаласы	9	268

Қорытынды

Уақыт өткен сайын қоғамның ономастика саласына қоятын талабы да жоғары. Бүгінгі таңда жеткен жетістіктеріміз бен жасаған жұмыстарымыздың мөлшерімен шектелуге болмайды. Алдымызда әлі көптеген атқаратын іс-шаралар бар. Жылма-жыл ономастика саласына қатысты қордаланған мәселелер талқыланып, ономастиканың ахуалы, жер-су атауларының шығу тарихы туралы өзекті ой қозғалып, құнды ұсыныс, келелі пікірлер жинақталады. Нәтижесінде, жүйелі жұмыс атқарылып, жоспарлы іс-шаралар жүзеге асады.

Ұсынымдар

Билік қашанда бұқара халықпен тығыз қарым-қатынас орнатып, тұрғындар тілеген ескеріп, ашықтық қағидатын сақтап, жүйелі жұмыс жүргізсе ғана, ел ішінде, қоғам арасында қарқынды даму болады. Тілге тиек, сөзге өзек боп отырған ономастика саласында да қол жеткізген жетістіктермен қатар, тұралап тұрған түйткілді мәселелер һәм өзекті жайттар бар. Бұл өңір тұрғындарын толғандырады. Кейбір нысандарға, құрамдас бөліктерге уақытылы атау берілмеу - елдің теріс пікірін, яғни ренішін туғызады. Осы тұста ашық айтар болсақ, көше немесе мекеме, әлеуметтік нысанға атау беру БҚО әкімдігі жанындағы облыстық ономастикалық комиссия қорытындысы негізінде, республикалық ономастикалық комиссияның келісімімен реттеледі. Бұл бағытта жұмысқа қолбайлау болып, көбіне кедергі келтіретін мәселе - салаға қатысты министрліктің жөнді-жөнсіз мараторий жариялап, жұмысты шегеріп қоюы. Ал салаға қатысты министрлік рұқсат бермесе, облыс өздігінен ономастикалық жұмыстарды жүзеге асыра алмайды. Бұл сайып келгенде, нақты ұсыныспен көшеге немесе елді мекенге атау сұрап келетін жергілікті халықтың билікке деген сенімін азайтады. Үмітін жоғалтады. Мәселе шешілмегесін олардың ашу-ызасы оянуы ықтимал. Сондықтан да мораторий жариялап немесе басқалай себеппен ономастикалық жұмыстарды тоқтатып қоймай, сапалы да жүйелі жұмыс істеуге мүмкіндік берілсе, көптеген қордаланған мәселелер оң шешімін табар еді.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

<https://kk.wikipedia.org/wiki>,

ortalyq.kz,

7-su.kz,

oinet.kz,

jsk.kz,

qazaquni.kz